

Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту мен салу жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610

Астана қаласы әуежайының жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды қамтамасыз етудегі айрықша маңызын ескере отырып, әуежайды қайта жаңарту мен салуды толық көлемінде орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен "Әуежай Ақмола" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын таратуды жүргізсін.

Құрылып отырған "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, таратылып отырған "Әуежай Ақмола" акционерлік қоғамының барлық мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады деп б е л г і л е н с і н .

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен бір ай мерзім ішінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен бірлесе отырып, "Әуежай Ақмола" акционерлік қоғамы таратылғаннан кейін қалған мүлікті, сондай-ақ ұшу-қону алаңы мен VIP үй-жайын қоса отырып, "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық қорын қалыптастырсын.

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысын бекітсін және оның басшысымен келісім-шарт жасассын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Астананың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етумен айналысатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Ақмола қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27

қаңтардағы N 37 P980037_ қаулысына:
аталған қаулының қосымшасында:
мынадай мазмұндағы жол алынып тасталсын:
" Ә у е ж а й А қ м о л а " А Қ " ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65 және 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 37 қаулыларына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 58 P980058_ қаулысында :

бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтар алынып тасталсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі